

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 3 шілде

№5143-25-00-1/47 іс

Мырзакент кенті

Түркістан облысының Мақтаарал аудандық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Шиндалиевтің,
сот отырысының хатшысы Ұ.Полатовтың,
мемлекеттік айыптаушы – прокурор Д.Романовтың, сотталушылар
[REDACTED], [REDACTED], [REDACTED], [REDACTED], [REDACTED],
сотталушылардың қорғаушылары Г.Саржанов, Ж.Бекболатов, Т.Сапаров,
З.Асадов, С.Молдабековтің қатысуларымен ашық сот отырысында дыбыс-
және бейне- жазу құралдарын қолдану арқылы адвокат Г.Саржановтың
қылмыстық істі прокурорға қайтару туралы қылмыстық істі туралы
өтінішхатын қарап,

АНЫҚТАДЫ

Аталған қылмыстық іс Мақтаарал аудандық сотының өндірісінде қаралуда.

Сотталушың қорғаушы–адвокаттары Г.Саржанов сотқа өтініш келтіріп, онда Мақтаарал ауданының прокурорынан 23.05.2025 жыл 15:00 сағат пен 17:00 сағат аралығында сарапшы маман К.Тлеубаевадан онлайн, аудио бейне жазба таспасын қолдану арқылы жүргізілген сұрауының аудио бейне жазбасын №5143-25-00-1/47 қылмыстық ісі материалдарына қоса тіркеуді міндеттеуді немесе қылмыстық істі прокуратураға толықтыру үшін қайтаруды айтып көрсетті.

Сот тараптардың пікірін тыңдап, сотқа ұсынылған өтінішхаттарды зерделеп, адвокаттың өтінішхаттары қанағаттандыруға жатпайды деп табады.

ҚПК-нің 340-бабының 3-бөлігінде, Егер басты сот талқылауы барысында қаралып отырған істі басқа қылмыстық іспен біріктіру, егер басқа адамдардың әрекеттері қаралып жатқан іспен байланысты болса және оларға қатысты істі бөлек қарау мүмкін болмаса, басқа адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту қажеттігі туындаса, сот айыптаушы тараптың өтінішхаты бойынша, процестің басқа қатысушыларының пікірін ескере отырып, істі қарауда үзіліс жасайды және осы Кодекстің [321-бабында](#) көзделген тәртіппен алдын ала тыңдауды өткізеді.

Аталған іске сарапшы маман К.Тлеубаевадан онлайн, аудио бейне жазба таспасын қолдану арқылы жүргізілген сұрауының аудио бейне жазбасын тіркелгендіктен, оны алдыртуға міндеттеуді немесе прокуратураға қайтаруға негіз жоқ деп табады.

Сондықтан қылмыстық істі қосымша тергеп тексеруге қайтаруға негіздер жоқ деп, сот санайды.

ҚПК-нің 344 - бабын басшылыққа алып, сот



ҚАУЛЫ ЕТТІ :

Сотталушы [REDACTED] қорғаушы–адвокаты Г.Саржановтың Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 174-бабының 1-бөлігімен қозғалған қылмыстық іс бойынша бейне жазбаны таспасын алдыруды міндеттеуді немесем прокурорға қайтару туралы өтінішхаты қанағаттандырудан бас тартылсын.

Қаулыға наразы жағы он бес тәулік ішінде Түркістан облыстық сотына Мақтаарал аудандық соты арқылы шағым, өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья:

А.Шиндалиев

